**Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2000 жылға арналған негізгі іс-шараларды бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 маусымдағы N 923 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 сәуірдегі N 381 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.23 N 381 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 4189 U984189_ Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2000 жылға арналған негізгі іс-шаралар (бұдан әрі - Іс-шаралар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары Іс-шаралардың тиісті дәрежеде және уақытылы орындалуын қамтамасыз етсін.

3. Іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі бақылау мен үйлестіру Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігіне ж ү к т е л с і н .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 20 маусымдағы N 923 қаулысымен бекітілген

**Шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі 2000 жылға арналған негізгі іс-шаралар**

| р/с N | Атауы | Аяқтау нысаны (орындау жөніндегі шаралар) | Орындалуы үшін жауаптылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | 1. Қаржылық-несиелік қолдау | | | |
| 1 | Шағын кәсіпкерлік субъектілерінен тауарларды, жұмыстарды және қызмет көрсетулерді мемлекеттік сатып алуларды жүргізудің тәртібін бекіту | Үкіметтің қаулысы | Монополиябизнес. агенттігі, Қаржы. мині, Мемсатыпалу агенттігі, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ | II тоқсан |
| 2 | Заем қаражаттарын тиімді пайдаланудың негізінде шағын бизнес саласында несиелік қызметті жандандыру | Үкіметке ақпарат | Монополиябизнес. агенттігі, "Шағын кәсіпкерлікті да. мыту қоры" ЖАҚ, Ұлттық Банк (келі. сім бойынша), "Қа. зақстан Эксимбанкі" ЖАҚ (келісім бойынша), Қаржымині | Жылына 2 рет |
| 3 | Шағын бизнестің инвестициялық мүмкіндіктері туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы | Семинарлар | Инвестагенттік, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ | Ұдайы |
| 4 | Коммуналдық меншік объектілерін шағын кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу кезінде кепілді қамтамасыз ету ретінде пайдаланудың үлгі ережесін әзірлеу | Үкіметтің қаулысы | Монополиябизнес. агенттігі, Қаржы. мині, Әділетмині | II тоқсан |
| | 2. Өндірістік және инновациялық қолдау | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5 | Республикалық және коммуналдық меншікке жататын бос тұрған объектілерге, аяқталмаған құрылыстарға тоқсан сайын түгендеу жүргізу және белгіленген тәртіппен оларды өндіріс, қызмет көрсету пункттерін ашу шартымен, кейіннен меншігіне беру арқылы шағын кәсіпкерлік субъектілеріне сенімді басқаруға беруді ұйымдастыру | Монополиябизнес. агенттігіне ақ. парат | Облыстардың және Астана мен Алматы қалаларының әкімдері | Тоқсан сайын |
| 6 | Қазақстанда қолөнер. шілікті дамытудың тұжырымдамасын әзірлеу және Үкіметтің қарауына енгізу | Үкіметтің қаулысы | Монополиябизнес. агенттігі | II тоқсан |
| 7 | Шағын бизнесті дамытудың негізгі көрсеткіштерін қадағалап отыру үшін есеп берудің 2001 жылға арналған нысандарын әзірлеу және бекіту | Статагенттігінің қаулысы | Статагенттігі, Мемкірісмині | II тоқсан |
| 8 | Шағын бизнес субъектілерінің өнімдерін (жұмыстарын, қызмет көрсетулерін) сертификаттау бойынша рәсімдерді оңайлату жөніндегі мемлекеттік | Стандарттау жөніндегі нормативтік құжат | ЭИСМ-нің Стандарт. тау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті, Қазақстан кәсіпкер. лерінің форумы (келісім бойынша) | II тоқсан |

стандартқа өзгерістер
енгізу
9 Мемлекеттік сатып алу Үкіметтің қаулысы Монополиябизнес. II тоқсан
шағын кәсіпкерлік агенттігі, Мем.
субъектілерінен жүзеге сатыпалуагенттігі
асырылатын тауарлар
(жұмыстар, қызмет
көрсетулер) түрлерінің
және олардың
көлемдерінің
номенклатурасын бекіту

3. Инфрақұрылымдарды дамыту

10 Шағын кәсіпорындар Жәрмеңкелер, Облыстардың және Жыл бойы
өнімдерінің тұрақты көрмелер Астана мен Алматы
жұмыс істейтін қалаларының әкім.
көрме-жәрмеңкелері дері, Қазақстан
мен ұжымдық стендтерін кәсіпкерлері форумы.
ұйымдастыру ның кеңесі (келісім
бойынша)

11 Шағын кәсіпкерлікті
қолдау үшін жаңа
құрылымдар құру
жөнінде ұсыныстар
әзірлеу:

а) Республикалық Мемлекеттік тіркеу Монополиябизнес. IV тоқсан
ақпараттық-көрмелік туралы куәлік агенттігі, облыс.
орталық тардың және Астана
мен Алматы
қалаларының әкім.
дері, Қазақстан
кәсіпкерлері фору.
мының кеңесі
(келісім бойынша),
Сауда-өнеркәсіп
палатасы (келісім
бойынша), Қаржымині

б) Оқу-консультациялық Үкіметтің қаулысы Монополиябизнес. IV тоқсан
кешендері бар шағын агенттігі

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | кәсіпкерліктің проблемалары жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы | | | |
| 12 | Көркем шығармалардың, халықтық кәсіпшілік бұйымдарының және зергерлік бұйымдардың аукционын ұйымдастыру | Аукцион, көрме | МАҚМ Мәдениет комитеті, шығарма. шылық одақтар (келісім бойынша) | IV тоқсан |
| 13 | Мемлекеттік органдар. дың ақылы қызмет көрсетудің ережелерін сақтауы жөнінде тексерулер жүргізу | Қазақстан Респуб. ликасының Прези. дентіне баяндау | Бас прокуратура (келісім бойынша), Монополиябизнес. агенттігі | Жылына 2 рет |
| | **4. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру** | | | |
| 14 | Қазақстан Республика. сының Салық кодексінде экономиканың нақты секторында шағын кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыратын қағидаттарды бекіту | Қазақстан Респуб. касы Салық кодек. сінің жобасы | Мемкірісмині, Қаржымині | III тоқсан |
| 15 | УНИДРУА-ның 1989 жылғы "Лизинг туралы" Дүниежүзілік Оттава конвенциясына қосылу | Заң жобасы | Сыртқыісмині | III тоқсан |
| | **5. Кадрлық және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету** | | | |
| 16 | Кәсіпкерлердің қоғамдық ұйымдарының Үкімет мүшелерімен "Дөңгелек үстел" нысанындағы кездесуін ұйымдастыру | Кеңес өткізу | Монополиябизнес. агенттігі | Жылына 2 рет |
| 17 | Шағын кәсіпкерлік жөнінде нормашығар. машылық қызмет туралы түсіндіру жұмысын жүргізу | Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау | Мәдениетақпарат. мині, Монополия. бизнесагенттігі | Ұдайы |
| 18 | Шағын кәсіпкерліктің мәселелерін реттейтін | Жинақ шығару | "Шағын кәсіпкер. лікті дамыту | Жыл бойы |

заңнамалық кесімдерді қоры" ЖАҚ
жүйелендіру
19 Жұмыссыздарды, оның Монополиябизнес. Еңбекәлеуметмині Жартыжыл.
ішінде кәсіпкерлік агенттігі ақпарат дықтың
негіздеріне оқытуды қорытын.
және қайта оқытуды дылары
жүргізу бойынша

6. Аймақтық даму

20 Шағын кәсіпкерлікті Үкіметке есеп Монополиябизнес. Тоқсан
дамыту жөніндегі агенттігі, облыс. сайын
аймақтық бағдарла. тардың және Астана
маларды сапалы іске мен Алматы
асыруды қамтамасыз қалаларының әкім.
ету дері
21 Аймақтардағы неғұрлым Әкімдердің шешімі "Шағын кәсіпкер. Ұдайы
маңызды жобалар лікті дамыту қоры"
бойынша деректердің ЖАҚ, облыстардың
банкін толықтыру және Астана мен
жөніндегі жұмысты Алматы қалаларының
жалғастыру әкімдері, Монополия.
бизнесагенттігі
22 Облыстар, Астана және Үкіметке есеп Монополиябизнес. Тоқсан
Алматы қалалары агенттігі, облыс. сайын
бойынша шағын тардың, Астана
кәсіпкерлікті және Алматы қалала.
дамытудың жай-күйінің рының әкімдері
мониторингі
-----------------------------------------------------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК